

Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне тұрғын үй құрылысына үлестік қатысу мәселелері бойынша толықтырулар енгізу туралы

Қазақстан Республикасының 2006 жылғы 7 шілдедегі N 181 Заңы

1-бап. Қазақстан Республикасының мына заңнамалық актілеріне толықтырулар енгізілсін:

1. 2001 жылғы 30 қаңтардағы Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексіне (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2001 ж., N 5-6, 24-құжат; N 17-18, 241-құжат; N 21-22, 281-құжат; 2002 ж., N 4, 33-құжат; N 17, 155-құжат; 2003 ж., N 1-2, 3-құжат; N 4, 25-құжат; N 5, 30-құжат; N 11, 56, 64, 68-құжаттар; N 14, 109-құжат; N 15, 122, 139-құжаттар; N 18, 142-құжат; N 21-22, 160-құжат; N 23, 171-құжат; 2004 ж., N 6, 42-құжат; N 10, 55-құжат; N 15, 86-құжат; N 17, 97-құжат; N 23, 139, 140-құжаттар; N 24, 153-құжат; 2005 ж., N 5, 5-құжат; N 7-8, 19-құжат; N 9, 26-құжат; N 13, 53-құжат; N 14, 58-құжат; N 17-18, 72-құжат; N 21-22, 86, 87-құжаттар; N 23, 104-құжат; 2006 ж., N 1, 5-құжат; N 2, 19, 20-құжаттар; N 3, 22-құжат; N 5-6, 31-құжат; N 8, 45-құжат; 2006 жылғы 9 маусымда "Егемен Қазақстан" және 2006 жылғы 10 маусымда "Казахстанская правда" газеттерінде жарияланған "Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне Алматы қаласының өңірлік қаржы орталығын құру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" 2006 жылғы 5 маусымдағы Қазақстан Республикасының Заңы):

1) мынадай мазмұндағы 237-1-баппен толықтырылсын:

"237-1-бап. Қазақстан Республикасының тұрғын үй құрылысына үлестік қатысу туралы заңнамалық актісінің талаптарын бұзу

1. Құрылыс салушының Қазақстан Республикасының тұрғын үй құрылысына үлестік қатысу туралы заңнамалық актісінің құрылыс салушы туралы және құрылыс объектісі туралы ақпараттың мазмұнына қоятын талаптарын, сондай-ақ оны тарату тәртібін бұзуы не құрылыс салушының дәл заңды тұлғаларға айлық есептік көрсеткіштің үш жүзден төрт жүзге дейінгі мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

2. Құрылыс салушының уәкілетті органға Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде көзделген мәліметтер мен есептілікті табыс етпеуі не олардың дұрыс емес мәліметтер мен есептілікті табыс етуі - заңды тұлғаларға айлық есептік көрсеткіштің үш жүзден төрт жүзге дейінгі мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.";

2) 541-баптың бірінші бөлігі "237," деген цифрлардан кейін "237-1," деген цифрлармен толықтырылсын;

3) 636-баптың бірінші бөлігі 1) тармақшасының қырық бесінші абзацы "236," деген цифрлардан кейін "237-1," деген цифрлармен толықтырылсын.

2. "Лицензиялау туралы" 1995 жылғы 17 сәуірдегі Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің Жаршысы, 1995 ж., N 3-4, 37-кұжат; N 12, 88-кұжат; N 14, 93-кұжат; N 15-16, 109-кұжат; N 24, 162-кұжат; Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1996 ж., N 8-9, 236-кұжат; 1997 ж., N 1-2, 8-кұжат; N 7, 80-кұжат; N 11, 144, 149-кұжаттар; N 12, 184-кұжат; N 13-14, 195, 205-кұжаттар; N 22, 333-кұжат; 1998 ж., N 14, 201-кұжат; N 16, 219-кұжат; N 17-18, 222, 224, 225-кұжаттар; N 23, 416-кұжат; N 24, 452-кұжат; 1999 ж., N 20, 721, 727-кұжаттар; N 21, 787-кұжат; N 22, 791-кұжат; N 23, 931-кұжат; N 24, 1066-кұжат; 2000 ж., N 10, 248-кұжат; N 22, 408-кұжат; 2001 ж., N 1, 7-кұжат; N 8, 52, 54-кұжаттар; N 13-14, 173, 176-кұжаттар; N 23, 321-кұжат; N 24, 338-кұжат; 2002 ж., N 2, 17-кұжат; N 15, 151-кұжат; N 19-20, 165-кұжат; 2003 ж., N 1-2, 2-кұжат; N 4, 25-кұжат; N 6, 34-кұжат; N 10, 50, 51-кұжаттар; N 11, 69-кұжат; N 14, 107-кұжат; N 15, 124, 128, 139-кұжаттар; 2004 ж., N 2, 9-кұжат; N 5, 27-кұжат; N 10, 54-кұжат; N 14, 82-кұжат; N 15, 86-кұжат; N 16, 91-кұжат; N 17, 98-кұжат; 2005 ж., N 7-8, 23-кұжат; N 11, 37-кұжат; N 14, 55, 58-кұжаттар; N 23, 104-кұжат; 2006 ж., N 8, 45-кұжат):

9-баптың 1-тармағы мынадай мазмұндағы 30-1) тармақшамен толықтырылсын:

"30-1) тұрғын үй құрылысына үлестік қатысу үшін жеке және заңды тұлғалардың ақшасын тарту есебінен тұрғын жай құрылысын ұйымдастыру жөніндегі қызмет;"

3. "Жарнама туралы" 2003 жылғы 19 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2003 ж., N 24, 174-кұжат):

14-баптың 6) тармақшасындағы "жарнамалауға тыйым салынады." деген сөздер " жарнамалауға;" деген сөзбен ауыстырылып, бап мынадай мазмұндағы жаңа 7) тармақшамен толықтырылсын:

"7) нөлдік цикл құрылысына рұқсат берілгенге дейін, сондай-ақ уәкілетті орган құрылыс салушының лицензиясының күшін тоқтата тұрған кезеңде тұрғын жайларды жарнамалауға тыйым салынады."

2-бап. Осы Заң 2007 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының

Президенті